

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс бойынша

№82 «Айару» балабақшасының талдамалық анықтамасы

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық – күрделі әлеуметтік мәселелердің бірі. Ол адамгершілік және құқықтық бағалау тақырыбына айналады.

Бүгінде педагогтар сыбайлас жемқорлыққа қарсы педагогикалық күрестің тиімді құралдарын әзірлеп, сынақтан өткізуге тырысып отыр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие жылдам нәтижеге болжамдалмаған, оны мектепке дейінгі жастан бастау керек. Ол үшін балаларға заңсыз іс-әрекет дегеніміз не екенін жеткізіп, оларды неге жасауға болмайтынын түсіндіру керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие бойынша қандай жұмыс жүргізілді.

Жұмысты үш бағытта жүргізілді:

- кадрлар;
- әдістемелік жұмыс;
- тәрбиеленушілермен жұмыс.

Кадрлармен ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс кезінде:

- құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие саласында педагогтың кәсіби біліктілігін қалыптастырылды;
- мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыстың формалары мен әдістерін жетілдіру;
- балалармен педагог қызметінің әртүрлі түрлерін ұйымдастырылды;
- құқықтық мәдениет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыруға бағытталған конкурстардың ережелері әзірленді;
- әлеуметтік жобалар мен білім беру бағдарламаларын өткізуді ұйымдастырылды.

Нұсқаулық-әдістемелік жұмысқа:

- құқықтық мәдениет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетаным мәселелері бойынша ата-аналар жиналыстарын, еңбек ұжымының жиналыстарын, семинарларды, практикумдарды, тренингтерді, конференцияларды;
- мұғалімдер мен ата-аналар немесе заңды өкілдер үшін консультацияларды өткізілді;
- ақпаратты мектепке дейінгі ұйымның стендтеріне, әлеуметтік парақшаларда, сайтта орналастырылды.

Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілерімен жұмыс

Мектеп жасына дейінгі балалардың құқықтық мәдениеті мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру үшін, педагогтардың:

- осы мәселе бойынша отбасылық тәрбиенің жағдайына талдау жүргізуін;
- балалардың адалдық, әдептілік, шыншылдық, әділеттілік, жауапкершілік, борыш, ережелер туралы ұғымдарды және оларға қарама-қарсы ұғымдар – өтірік сөйлеу, сыбайлас жемқорлық, теріс қылық, қылмыс туралы ұғымдарды білетінін анықтағанын;

- бастапқы балалар түсініктерін кеңейткенін, әлеуметтегі тәртіп ережелері туралы жаңа білімдерді жинағанын;
- балалардың әлеуметте өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға саналы көзқарасты қалыптастырғанын бақыланды.

Қандай жұмыс түрлерін қолдану керек

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы міндеттердің бірі – рухани-адамгершілік, әлеуметтік және мәдени құндылықтар және біздің қоғамда қабылданған ережелер мен нормалар негізінде оқыту мен тәрбиелеуді тұтас білім беру процесіне біріктіру. Мектеп жасына дейінгі балалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру үшін олардың әлеуметтік, адамгершілік қасиеттерін, бастамашылдығын, дербестігін және жауапкершілігін дамыту қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары мемлекеттік МДТО-ның барлық бес білім беру саласын: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» интеграциялауды ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие жүйесін құруы тиіс.

Осы салалардың әрқайсысы бірқатар міндеттерді шешеді. «Әлеумет» білім беру саласында тәрбие мен оқыту балалардың қоғамда қабылданған нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне бағытталған. Бұған мыналар:

- моральдік және адамгершілік құндылықтар, ертегі кейіпкерінің іс-әрекетін бағалай білу;
- баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасын және өзара іс-қимылын дамыту;
- өз іс-қимылдарының дербестігін, мақсаттылығын және өзін-өзі реттеуін қалыптастыру;
- қызметтер әлеуметтік және эмоционалдық интеллект, эмоциялық ықыластылық, жанашырлық дамыту, құрдастарымен бірлескен іс-әрекет жасауға дайындықты қалыптастыру, ұйымда өз отбасына және балалар мен ересектердің қауымдастығына құрметпен қарау мен қатыстылық сезімін қалыптастыру;
- Қазақстан халықтарының этикалық нормалары мен құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, төзімділік негіздерін қалыптастыру кіреді.

«Коммуникация» білім беру саласында мұндай жұмыс түрлерін қолдануға болады:

- жеке тәжірибеден суреттер, иллюстрациялар, фотосуреттер мазмұны бойынша әңгімелер құрастыру;
- көркем шығармалардың мазмұны (ертегілер, әңгімелер, өлеңдер);
- өлеңдерді, мақал-мәтелдерді жаттау, әңгімелер оқу.

Мектепке дейінгі жастағы оқытудың негізгі түрі ойын қызметі болып табылады. Педагогтарға сюжеттік-рөлдік ойындар барысында балаларды өкілдері заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ететін мамандықтармен таныстыру ұсынылады. Сюжеттік-рөлдік ойындар мен театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру тәрбиеленушілердің түсініктерін қалыптастыруға ықпал етеді:

- қоғамда заң мен құқықтық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған мамандықтар туралы;

- қоғамда қабылданған мінез-құлық ережелері;
- «адалдық», «парасаттылық», «шыншылдық», «ереже» және оларға қарама-қарсы ұғымдар – «өтірік», «сыбайлас жемқорлық», «қылмыс»;
- қазіргі этикет, әр түрлі адамдармен қарым-қатынаста мінез-құлық мәдениеті.

Ақпараттық-ағартушылық блоктан басқа балаларды топта тәртіпті сақтауға тартуға ерекше назар аударыңыз. Тәртіпті сақтауға байланысты шағын тапсырмаларды орындауды ұсыныңыз. Олардың ішіндегі ең қарапайым тапсырма – жеке ережелердің сақталуын бақылайтын кезекші. Егер осындай рөлдік ойындарды белсенді қолданса, онда балалар «ереже», «тәртіп», «жаза» ұғымдарын білетін болады. Бұл ретте педагог үлгі болуы, топта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтаудың негізгі кепілі ретінде әрекет етуі тиіс. Әсіресе тәрбиеленушінің қызметін ынталандыру үшін ережелерді бұзбау маңызды.

Менгеруші



К.Малгаждарова